

Тақырыбы:

***“Мектепке дейінгі ұйым
түлектерінің тілдік
дамуына қойылатын
талаптар”***

Логопед- мұғалім Асаинова Гүлмира Халелқызы

7 жастағы балаға жаңа әлеуметтік статусқа ауысуы өте ерекше кезең, өйткені ол оқушы болады. Ойын әрекетінен мектептегі оқу бағдарламасына көшу әрине баланың мінез-құлқына әсер етеді. Мектептегі білім сапасы баланың мектепке дейінгі кезеңде қалыптасқан төмендегідей ерекшеліктерімен тығыз байланысты:

- ❖ есту қабілетінің дамуы;*
- ❖ қоршаған орта туралы білімінің дамуы;*
- ❖ тәрбиешінің айтқанын тыңдау, есте сақтау;*
- ❖ танымдылық, оқуға деген қызығушылығы және іскерлігінің дамуы;*
- ❖ жақсы физиологиялық дамуы;*
- ❖ коммуникативтік іс-әрекетінің, құрдастарымен қарым-қатынасқа түсу, көмектесу әрекетінің дамуы;*
- ❖ жалпы және ұсақ қол моторикасының дамуы;*

Тілдік дамуына, жадына, есте сақтау қабілетіне жаңа талаптар қояды

Тілдің дыбыстық жағының қалыптасуы

Фонетикалық процестерінің толық қалыптасуы

Тілдің дыбыстық-әріптік құрылымының дыбыстық жағы нені қарастырады?

Тілдің грамматикалық құрылымы қарастырады

Тілдің дыбыстық жағынның қалыптасуы:

- ❖ Түрлі фонетикалық топтағы дыбыстарды бала дұрыс, еркін айтуы тиіс. Оларды бұрмаламай, басқа дыбыстармен ауыстырмай айту;
- ❖ Әдеби шығармаларды, тақпақтарды айтқанда тыныс белгілерін сақтау, темп, ритмді дұрыс қолдану.

Фонетикалық процестерінің толық қалыптасуы:

- ❖ Өз ана тіліндегі дыбысталуы ұқсас фонемаларды есту арқылы ажырата білу
- ❖ Өзі еркін сөйлеген кезде сөздің буындық құрылымын дұрыс қолдана білу

Тілдің дыбыстық-әріптік құрылымының дыбыстық жағзы нені қарастырады

- ❖ Сөздегі бірінші дыбысты тауып айту, сөздегі соңғы дыбысты ажырату, үш, төрт, бес дыбыстан тұратын дыбыстық талдау жасау, сөздегі екпін түсіп тұрған дыбысты атау.
- ❖ «буын», «сөз», «сөйлем», «дауысты», «дауыссыз» деген терминдерді білу және дұрыс қолдана білу
- ❖ Сөзге дыбыстық талдау жасау және буынға бөлу;
- ❖ берілген сөзге сөйлем құрастыру, сөйлемнің неше сөзден тұратынын анықтау
- ❖ буындап оқу және баспа түрінде жазу

Тілдің грамматикалық құрылымы қарастырады:

- ❖ дұрыс құрастырылмаған сөйлемдердің қатесін табу;
- ❖ берілген сөз бойынша және сурет арқылы сөйлем құрастыру;
- ❖ өз тілінде жай және күрделі сөйлемдерді қолдану;
- ❖ сөздік қорында зат есім, сын есім, етістіктерді дұрыс қолдана білу;
- ❖ баланың сөздік қорында шамамен 2000 сөз болу керек;
- ❖ сөздік қорында жалпылау түсініктер болуы керек (жемістер, көкөністер, жихаз, ыдыстар). Бала осы сөздердің топтасқан себебін атай білу керек;
- ❖ белгілі бір затты түсіне, мөлшеріне қарай сипаттай білу керк;
- ❖ берілген сөзге антоним, синонимдерді дұрыс таба білу керек (күн-түн,ыстық-суық) (әдемі, сұлу, көрікті)

Жас ұрпақты тәрбиелі , сапалы, саналы етіп даярлап шығару заман талабы, ата- аналардың, педагогтардың басты міндеті. Өйткені балалар біздің болашағымыз. Бүгінгі оқушы- ертеңгі еліміздің тұтқасын ұстар азаматтары. Ендеше, тәуелсіз Қазақстанның ірге тасын нығайта түсетін білімді ұрпақтың танымдық іс- әрекеттегі біліктілері мен дағдыларын, белсенділігін, өз ойын таза анық жеткізетін, сондай-ақ ғылымға деген құштарлығын тәрбиемен байланыстыра қалыптастырған жөн.



Назарларыңызға
рахмет!